

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледж

АШЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: «Мінез»

Дайындаған: Мавланова Г. Р.

Тобы : МДО-162

Ақсукент 2016 ж.

- Пән аты: **Психология**
- Оқытушы: **Мавланова Гульмира Рахматалиқызы**
- Сабақтың тақырыбы: **Мінез.**
- Сабақтың түрі: Теория
- Оқыту әдісі: Белсенді оқыту әдісімен дәстүрлі емес сабақ .
- Пәнаралық байланыс: Жалпы психология, педагогика, тарих, анатомия, физиология, этнопедагогикалық, философия.
- **Сабақтың мақсаты.**
 - 1. Білімділік: оқушылар адам мінезі, оны жетілдірудегі адамның мүмкіндіктері туралы түсінеді,*
 - 2. Дамытушылық: жақсы/жаман мінез-құлықты ажырата білуге үйренеді және жақсарта алуға ықпал ете алатын болады.*
 - 3. Тәрбиелік: балалардың бойында өзін құрметтеу, өзіне деген сенімділікке дағдыланады.*
- Сабақта қолданылатын көрнекі құралдар: лекция материалы, құрастырма ойын, суреттер, слайдтар, видео таспалар.

- **Сабақтың құрылымы мен мазмұны.**
- **I. Ұйымдастыру кезеңі:** Мемлекеттік әнұранды орындау. Студенттерді түгелдеу, сабаққа даярлау. Смайликтер тарату арқылы топқа бөлу. Орын ауыстыру.
- **II. Оқушылардың өткен тақырып бойынша білімін тексеру:**
 - Тексеру әдісі: байқау, сұрақ-жауап.
- **III. Жаңа материалды түсіндіру.**
 - Түсіндіру әдісі: Сабақ баяны, түсіндіру, сұрақ-жауап, ситуациялық жағдаяттары.

1. МІНЕЗ ЖӨНІНДЕ ТҮСІНІК


- Мінез дегеніміз – әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерінің жиынтығы.
- Мінез – жеке адамның тіршілік жағдайындағы қылығын бейнелейтін тұрақты және мәнді психикалық ерекшеліктерінің үйлесімі.
- Мінез – адамның негізгі өмірін, бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік.
- Мінез – кең мағыналы ұғым, онда адамның әртүрлі қасиеттері мен сапалары тоғысып жатады.

БЕЙНЕТАСПА КӨРУ «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА» ФИЛЬМІ.

Сұрақтар :

1. Қожаның мінез-құлығының қасиеттері?
2. Қожаның өзін-өзі тәрбиелеу?
3. Қожаның өмірдегі кездескен қиыншылықтары?

**СЕРГІТУ СӘТІ :
МУЗЫКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ ЖАСАТУ.**



ТИПТІК МІНЕЗ БІТІСТЕРІ

Типтік мінездер – белгілі тарихи қоғамдық жағдайлардың нәтижесі. Типтік мінездерді зерттеу психология ғылымының алдындағы басты міндет.


- Белгілі қоғам мүшелеріндегі ортақ мінездердің қатарына: отансүйгіштік, мақсаткерлік, борыш пен жауапкершілік, мейірімділік пен ізгілік, адалдық пен шыншылдық, достық, т.б жатқызуға болады

3. ҚҰРАСТЫРМА ОЙЫНЫ:

Мінездің типтерін тауып сипаттау.



**«МІНЕЗІН ТАП. ҚАЗАҚ
АҚЫҢДАРЫНЫҢ МІНЕЗ ТУРАЛЫ
АЙТҚАН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ»
ОЙЫНЫ.**



Әбу Нәсір әл-Фараби

- Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады.

Абай

- Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Ғабит Мүсірепов

- Адам ұят, ар, мейірім, әділдік, алдамау деген қасиеттерінен айырыла бастағалы екінші ғасыр. Оның орнына жауыздық, ашқарақтық, озбырлық, опасыздық, кісі өлтіру сияқты көне қалыптағы тағылық жаңа өнерлі түрін тауып, өрлеп барады.

СТУДЕНТТЕРМЕН МІНЕЗДІ БАЙҚАУ ТЕСТІ

Көк көздің иесі



Өте эмоционалды, сезімтал, романтик жандар. Түс Шолпан планетасына сай келеді. Олар серігіне ес-түссіз ғашық болады. Және өзіне дәл солай ғашық етеді. Олардың не ойлап тұрғанын анықтау мүмкін емес. Әрдайым әділдікті жақтайды. Құлығы да жоқ емес. Кемшілігі деп тәкаппарлығын айтуға болады.

ҚАРА КӨЗДЕРДІҢ ИЕСІ



Бойында күш-қуаты мол, өмірді ерекше сүйетін, ынта-жігері мықты жан. Мінезі бір қалыпты деп айтуға келмейді. Мұндай адамдарды алған бетінен қайтару мүмкін емес және ешкім де жолында кедергі бола алмайды. Олардың бұл қабілеті тек жеңіс қана емес. Сонымен қатар асығыс шешім қабылдауға түрткі болып, сәтсіздіктерге ұрындырады.

ҚОҢЫР КӨЗДІҢ ИЕСІ



Табиғатынан сезімтал, өте ақылды, тартымды келеді. Бұлар - өте темпераментті адамдар. Адамға тез ренжіп, ренішін жүзінен байқатып, артынша жылдам ұмытып кетеді. Кемшілігі деп қырсықтығын айтуға болады. Астролог мамандар қоңыр көзді адамдардың ашық-жарқын келетіндігін, кез келген адаммен жылдам тіл табысатындығын айтады. Бұл адамдар айналасына ғашық болып жүреді.

• КӨГІЛДІР КӨЗДІҢ ИЕСІ



Жиі алдайды. Мақсатына берік болса да, тым сентименталды. Олар адамның көз жасына қарамайды. Кейде қатты ашуланып, себепсіз күйзеліске бой алдырады. Көп жағдайда көгілдір көздің иесі сабырлы келеді.

СҰР КӨЗДІҢ ИЕСІ



Ақылды және шешімді дұрыс қабылдаушы.
Қиындыққа тап болса, қашпай, бірден шешімін
табуға кіріседі. Тек ақылына ғана сенеді. Бұл
адамдарға айналадағының барлығы да қызықты.
Махаббат пен мансапта да жолы болады.

ЖАСЫЛ КӨЗДІҢ ИЕСІ



Нағыз нәзік жандар. Таңдаған жандарына әрдайым адал болып, шын сүйеді. Достары сенімділігі мен мейірімін ерекше бағаласа, дұшпандары қатты мінезі мен айтқанын орындамай қоймайтындығынан қорқады. Серігін өте жақсы тыңдайды, үнемі ұтымды пікір айтады. Өздері басқарып отырған кез келген істі мінсіз етіп орындайды.

ЖОЛБАРЫС ТӘРІЗДІ КӨЗДІҢ ИЕСІ



Сирек кездесетін талантты жандар. Олар қарсы алдында тұрған адамның ойын оқи алады. Әртістікке бейім, кез келген іске шығармашылық жұмыс секілді қарайды. Мұндай сарыға ұқсас түстегі көздер сирек кездеседі. Арам ойыңыз болмаса, бұл адамдармен сөйлесу рахат сезімін сыйлайды.

V. ЖАҢА МАТЕРИАЛДЫ БЕКІТУ: СҰРАҚ- ЖАУАП ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ.

1. Мінез дегеніміз не
2. Типтік мінез бітістерінің түрлері ?
3. Неліктен «Мінез – адам көрсеткіші» болады деп ойлайсың?
4. Өз мінезің туралы не айтар едің?
5. Адам бойында қандай жағымды, жағымсыз қасиеттер болады?
6. Адамның жақсы мінезіне нелер жатады?
7. Мінезі жаман адамда жақсы қасиет бола ма?
8. Жаман мінезді қалай түзеуге болады деп ойлайсың?
9. Балада мінез қалай дамыйды?

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ:

Оқулықтан тапсырма.

Бала мінезін

қалыптастырудың

жолдары.